

## Қатерлі ісік қаупі

РАНВЭК препараты қатерлі ісіктердің, әсіресе тері қатерлі ісігінің даму қаупін арттыруы мүмкін.

Теріңіздің сыртқы аймағында қандай да бір өзгерісті байқасаңыз немесе теріңізде кез-келген жаңа өсіндіні байқасаңыз, дәрігерге хабарлаңыз.

## Ішек перфорациясының пайда болу қаупі

РАНВЭК препараты асқазан-ішек жолдарының перфорациясының даму қаупін арттырады, әсіресе сізде Крон ауруы болса. Егер сізде түсініксіз немесе күтпеген асқазан ауруы болса, дереу дәрігерге айтыңыз.

Бұл картаны медициналық көмек көрсететін кез- келген медицина қызметкеріне көрсетіңіз, мысалы, тіс дәрігеріне немесе жедел жәрдем дәрігеріне.

▼ Осы дәрілік препарат қосымша мониторинг жүргізуге жатады. Кез келген жағымсыз оқиғалар туралы хабарлау үшін дәрігеріңізбен байланысыңыз.

Материалды AbbVie компаниясы дайындаған.

«ЭббВи Биофармасьютикалс ГмбХ» компаниясының Қазақстан Республикасындағы өкілдігінің байланыстары: «Алатау Гранд» БО, Тимирязев к-сі, 28в, Алматы қ., 050040, тел.: +7 (727) 222-1481; e-mail: kz\_ppd\_pv@abbvie.com.

ЖАҚа-KZ-00026

Дата одобрения: май 2025

## Науқастың аты-жөні:

РАНВЭК препаратын тағайындаған дәрігердің аты-жөні:

Дәрігердің телефон нөмірі:

Сіз РАНВЭК препаратын қолдана бастаған күн:

РАНВЭК препаратын медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулық: [http://register.ndda.kz/category/search\\_prep](http://register.ndda.kz/category/search_prep).  
Соңғы кіру күні: 17.03.2025 ж.

## Пациент Картасы

Бұл картаны әрқашан өзіңізбен  
(немесе қамқоршыңызбен) бірге алып жүріңіз

**Пациенттерге арналған РАНВЭК ▼  
(упадацитиниб) препараты туралы  
қауіпсіздік ақпараты**

- Бұл карта РАНВЭК препаратымен емдеуге дейін және емдеу кезінде білуге тиіс маңызды қауіпсіздік ақпаратын қамтиды.
- Қосымша ақпарат алу үшін РАНВЭК дәрілік препаратының медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулығын<sup>1</sup> оқыңыз

## **Инфекция пайда болу қаупі**

РАНВЭК препараты бар инфекцияны нашарлатуы немесе жаңа инфекцияны жұқтыру мүмкіндігін арттыруы мүмкін - мысалы, туберкулез, белдемелі герпес немесе вирустық гепатит.

Егер Сіз инфекцияның мынандай белгілерін байқасаңыз, дереу дәрігерге хабарлаңыз:

- Қызба, тершеңдік, қалтырау, салмақ жоғалту немесе басылмайтын жөтел - бұл туберкулездің белгілері болуы мүмкін.
- Көпіршіктері бар ауыратын тері бөртпесі - бұл белдемелі герпес белгісі болуы мүмкін.
- Шаршау немесе ендігу сезімі пневмонияның белгісі болуы мүмкін.

Дәрігерге хабарлаңыз, егер:

- Сізге жақында туберкулез диагнозы қойылды немесе сізде туберкулез болған;
- Сіз жақында туберкулезбен ауыратын адаммен тығыз байланыста болдыңыз.

## **Инфекцияның алдын алу үшін қолданылатын вакциналар**

Тірі вакциналарды (мысалы, мұрынға арналған спрей арқылы тұмауға қарсы вакцина, желшешек, қызылша/ паротит/қызамық) РАНВЭК препаратымен емдеу кезінде немесе РАНВЭК препаратымен емдеуді бастар алдында енгізбеу керек.

Кез келген вакциналарды енгізбес бұрын дәрігеріңізбен сөйлесіңіз – олар Сізге қандай вакциналарды РАНВЭК препаратымен емдегенге дейін немесе емдеу кезінде беруге болмайтынын біледі.

## **Жүрек-қантамыр жүйесі ауруларының пайда болу қаупі**

РАНВЭК препаратымен емдеу холестериннің (қандағы майдың) жоғарылауымен байланысты болды. Дәрігер РАНВЭК препаратын қабылдаған кезде холестерин деңгейін тексереді.

Кеудедегі ауырсыну немесе қысылу сияқты белгілерді байқасаңыз, дереу дәрігерге айтыңыз, өйткені бұл жүрек-қантамыр жүйесі ауруының симптомы болуы мүмкін.

## **Контрацепция, жүктілік және бала емізу**

РАНВЭК препаратын жүктілік кезінде қабылдауға болмайды.

- РАНВЭК препаратын қабылдау кезінде және соңғы дозаны қабылдағаннан кейін 4 апта ішінде тиімді контрацепцияны қолданыңыз. Дәрігеріңізбен тиімді контрацепция туралы сөйлесіңіз.
- Егер Сіз жүкті болғыңыз келсе немесе жүкті болсаңыз, дереу дәрігерге айтыңыз.
- РАНВЭК препаратын қолдану кезінде емшекпен емізбеңіз.

## **Көктамыр немесе өкпеде қан ұйығыштарының пайда болу қаупі**

РАНВЭК препаратын қолданған кезде көктамырларда немесе өкпеде қан ұйығыштарының пайда болуы байқалды. Егер Сіз көктамырларда немесе өкпеде қан ұйығыштарының белгілері пайда болуын байқасаңыз, мысалы, аяқтың ауыруы, ендігу немесе кеудедегі ауырсыну болса, дереу дәрігерге хабарлаңыз